

ПӘНДІК-ТІЛДІК КІРІКТІРІП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сатыпалды Р.Б.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,

E-mail: rakhat.06@mail.ru

Мақалада пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясын (CLIL) оқыту үдерісінде қолдану мүмкіндіктері (пәнаралық байланыс орнату, тілдік іс-әрекеттің төрт түрін дамыту және т.б.) мен ерекшеліктері (артықшылықтар мен кемшіліктері) қарастырылған. Сонымен қатар, CLIL технологиясын қолдану шарттары сипатталған.

Тірек сөздер: пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы (CLIL), оқу үдерісі, шетел тілі, мақсатты тіл, пәнаралық байланыс.

В статье рассмотрены возможности (установка межпредметной связи, развитие всех четырех видов речевой деятельности и т.д.) и особенности (преимущества и недостатки) применения технологии предметно-языкового интегрированного обучения в процессе обучения. А также, описаны условия применения технологии CLIL.

Ключевые слова: технология предметно-языкового интегрированного обучения (CLIL), процесс обучения, иностранный язык, целевой язык, межпредметная связь.

The article considers the possibilities (establishment of interdisciplinary communication, development of all four types of speech activity, etc.) and features (advantages and disadvantages) of applying Content and language integrated learning in the learning process. And also, the conditions for using CLIL technology are described.

Key words: Content and language integrated learning (CLIL), learning process, foreign language, target language, interdisciplinary communication.

Пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту (CLIL - content and language integrated learning) дегеніміз тілдік емес оқу пәнін (мысалы, математика, физика, информатика және т.б.) екінші (үшінші/төртінші), яғни ана тілінен өзге тіл арқылы оқытуға негізделген технология. Пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту жағдайында оқу пәні басты назарда болады, ал шетел тілі сол пәнді оқытуда қолданылатын құрал қызметін атқарады. Негізінен, CLIL білім алушылардың пән бойынша білімі мен дағдыларын, сонымен қатар тілдік дағдыларын жетілдіруге бағытталады. Тіл пән мазмұнын меңгеру үшін қажет құрал қызметін атқарса, пәннің мазмұны сол тілді игеру үшін қажетті ресурс болып табылады. Яғни, тіл мен пән мазмұны бір-бірімен тығыз байланысты болып табылады. Пән мазмұны, өз кезегінде, пәнді қай тілде оқыту керектігін, білім алушылардың қандай танымдық дағдыларын қалыптастыру және дамыту қажеттілігін, сонымен қатар, қандай мәдени түсінік қалыптастыру керектігін анықтайды.

Жалпы, CLIL сөзі қолданысқа 1994 жылдары ғана енгеніне қарамастан, бұл жаңа технология емес. Пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясының негізгі идеялары ерте кездерден бастау алады. Кейбір ғалымдар, тіпті, аталған технология идеясының 5000 жыл бұрын пайда болғанын алға тартады. Ежелгі Ақкадтықтар өздерін Шурмерлер басып алғаннан кейін шумер тілін білім алу тілі ретінде қолданған. Осы сияқты басқа да көптеген мысалдар келтіруге болады [1].

Кіріктіріп оқыту (CLIL) дегенде ең алдымен сабақтарда пәнаралық байланыстарды қалыптастыруды қарастыру маңызды екені ескеріледі, яғни CLIL технологиясы шетел тілін басқа пәндерді оқытудың қажетті құралы ретінде қарастырылады. Егер дәстүрлі сабақ білім алушыларды біліммен қаруландыруға және негізінен түсіндіру-көрнекілік жұмыстарын

жүргізу арқылы құрылатын жалпы білім беру міндеттерін шешуге бағытталған болса, ал кіріктірілген сабақтар оқытудың түрлі әдістерінің және құралдарының үйлесуі негізінде құрылып, сонымен қатар ғылыми-жаратылыстану бағыты пәндері мен ағылшын тілі пәнінің көптеген міндеттерін шешуге ықпал етеді. Кіріктіру барысында түсіндіру-көрнекілік, іздеу, зерттеу әдістері, пікірталас, білімнің түрлі дереккөздері, теледидар бағдарламалары, кино үзінділері, мультимедиа курстары, интернет-технологиялары, оқыту мен бақылаудың басқа да техникалық құралдары қолданылады. Сонымен қатар, жеке, топтық, жұптық, ұжымдық жұмыс түрлері кеңінен қолданылады. Мұндай сабақтарда танымдық міндеттер жүзеге асырылып, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп мүмкіндік беріліп, жағдай жасалады.

Тіл мен пәнді кіріктіріп оқытудың тағы бір ұтымды тұсы - тілдік іс-әрекеттің төрт түрін де (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгеруге бағытталған. Ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту контекстінде Қазақстандағы мақсатты тіл – ағылшын тілі болып саналатынын ескере келсек, кіріктіріп оқытуда негізгі орынды ағылшын тілі сабақтары алады, яғни қандай пәндерді болмасын кіріктіре оқыту барысында ағылшын тілі маңызды болып саналады. Тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі деген ұғымды ескерсек, CLIL шетел тілі сабағы емес, шетел тілінде өтетін пән сабағы, яғни кәсіби бағытталған шетел тілі/ ағылшын тілі [2].

Оқу пәндерінің бірігуі төмендегі шарттарға байланысты:

- зерттеу нысандарына сәйкес келуі немесе өзара жақын болуы;
- кіріктірілген оқу пәндерінде зерттеу әдістерінің бірегейлігі немесе ұқсастығы;
- кіріктірілген оқу пәндерінің жалпы заңдылық, жалпы теориялық тұжырым негізінде құрылуы.

Кіріктірілген сабақ барысында орындалатын тапсырмалар. Кіріктірілген сабақ дәстүрлі тәсілдер аясында жүзеге асыру қиын бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

– сабақтың стандартты емес формасына байланысты оқу әрекетінің мотивациясын арттыру (бұл әдеттен тыс, бұл қызықты білдіреді);

– әртүрлі пәндік салаларда қолданылатын ұғымдарды қарастыру;

– ақыл-ой операцияларымен мақсатты жұмысты ұйымдастыру: салыстыру, жалпылау, жіктеу, талдау, синтездеу және т.б.;

– пәнаралық байланыстарды және олардың әртүрлі есептерді шешуде қолданылуын көрсету;

– материалды бір-бірімен органикалық байланыстыру;

– сабақты балаларға шамадан тыс жүктемей өткізу.

Кіріктірілген оқытудың негізгі принциптеріне мыналарды жатқызуға болады [3]:

– ол әрбір баланың жеке ерекшеліктерін дамытады;

– мектеп, мұғалімдер, тар мамандар және ата-аналар арасындағы тығыз қарым-қатынасқа жағдай жасайды;

– балаларға әртүрлі балаларға құрметпен қарауға және басқаларды ренжітпей айырмашылықтарды қабылдауға көмектесетін нақты мәдениетті үйретеді;

– әрбір бала өзінің құндылығын және барлық тапсырмаларды жеңу қабілетін сезінетін қолдау кеңістігін жасайды.

Кіріктірілген оқытудың артықшылықтары:

– әр баланың жеке қабілетін дамыту;

– мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға табысты араласуына көмектесу;

– мәселелерде оқшауланбау мүмкіндігі;

– эмпатияны және басқа адамдарға көмектесу қабілетін дамыту;

– толерантты мәдениетті қалыптастыру.

Кіріктірілген оқытудың кемшіліктері:

– мүмкіндігі шектеулі бала көбінесе тым көп көңіл бөлуді және уақытты қажет етеді, оны мұғалім әрқашан бере алмайды;

- қарапайым балаларға назар аудармау олардың оқу үлгеріміне әсер етуі мүмкін;
- басқа студенттер тарапынан қорқыту қаупі;
- қажетті мамандарды дайындау қиын;
- бүкіл білім беру жүйесін қайта құру қажет.

Оқытудың интеграциялық технологиясы оқушылардың жаңа материалды меңгеру деңгейін анықтауға және білімдегі олқылықтарды жылдам анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде сабақ – модульдер бойынша жұмыс көлемі артады, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдылары пайда болады, оқу жұмысын ұйымдастыру жақсарады, топшада жұппен жұмыс істеуге үйренеді, бағалауды жинақтайды. артады. Сыныптан тыс оқу сабақтарында интеграциялық технологияны қолдану ең үлкен нәтиже береді. Мұндай сабақтар студенттерді дәстүрлі сабақтарға қарағанда көбірек қызықтырады. Блоктар бойынша тақырыптардың өтуі мен меңгерілуін салыстыру үшін оларды үнемі пысықтап, толықтырып отыру қажет. Сондай-ақ мониторинг және диагностика жүргізу, жеке бақылау парақтарын жасау, содан кейін тақырыптар мен бақылау жұмыстарының өту нәтижелерін дәстүрлімен салыстыру қажет. Бұл жұмыстың нәтижесі мынадай: жұмыс көлемі артады, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдылары пайда болады, оқу жұмысын ұйымдастыру жақсарады, көбінесе жұптық жұмыс жасайды, бағалаудың жинақталуы артады. Одан әрі интеграциялық технологияларды қолданатын сабақтар және сыныптан тыс оқу сабақтарында модульдік технологияны қолдану оқытудың жаңа әдістерінің теориялық негіздерін толықтырып, байытады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Marsh, D., Marsland, B. (eds). 1999. Learning with Languages. A professional Development Programme for Introducing Content and Language Integrated Learning. Finland: University of Jyväskylä, 30–48.
2. Биманова Г. , Бахманова Г. Информатиканы оқытуда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың теориялық негіздері // Информатика негіздері. – Алматы, 2010. – №3(51). – Б. 2-3.
3. Roiha, A. S. (2014). Teachers' views on differentiation in content and language integrated learning (CLIL): Perceptions, practices and challenges. Language and Education, 28(1), 1-18.

ӘОЖ 373.1

<https://doi.org/10.53355/c8026-2642-0711-p>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сергазынова Д.

Ғылыми жетекшісі: Унгарбаева Ш.У. п.ғ.к.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: Shnar09_76@mail.ru, Dianasergazinova@mail.ru

Мақалада оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Сыни ойлау мен шығармашылық ойлаудың қалыптасу кезеңдері, шығармашылық белсенділікті дамыту механизмдері көрсетілген.

Тірек сөздер: Ойлау, шығармашылық ойлау, сыни ойлау.

В статье рассмотрены проблемы формирования критического и творческого мышления учащихся. Определены этапы формирования критического мышления и творческого мышления, механизмы развития творческой активности.

Ключевые слова: Мышление, творческое мышление, критическое мышление.